



СИНТАКСИСТІ МЕҢГЕРТУДЕГІ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР

Әбдіқалиева Қ.М.

1-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: Ш.Л.Ерхожина

п.ғ.к., СДУ профессоры

Аңдатпа

Бұл мақалада қарым-қатынасқа жағдай жасап, әрекеттесе отырып үйрету тәсілі болған интерактив әдістерінің синтаксисте қолданылуы сөз болады. Қазіргі білім беру жүйесінде даралық сипат көзделеді. Ол әрбір білім алушының даралығы, жеке мүмкіндіктері мен өз-өзін дамыту қабілеттілігінің ескерілуіне жағдай жасайды. Синтаксисті оқытуда әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану жастардың сана-сезімі жоғары, ақыл-ой еңбегін өз бетінше атқара алатын, ауызекі сөйлеу тілін жақсы меңгерген, өз ойын заңдылықтарға сүйене отырып, жазбаша жүйелі түрде бере алатын саналы тұлға ретінде қалыптасуына себепкер болады. Осыны ескере отырып, білім алушылардың синтаксисте деген қызығушылықтарын арттыру мұғалімдер қауымына үлкен жауапкершілік жүктейді. Грамматиканың қиын да маңызды тарауы болған синтаксисті оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану мұғалімге білімді жүйелі меңгертуіне, білімгерлердің сабаққа деген ынта-жігерін арттыруға, ой-өрісінің кеңейіп, креативтілігінің шыңдалуына әкеледі. Мақалада интерактивті әдістерді ұтымды пайдаланудың маңызы мен жолдары жан-жақты қарастырылып, оның синтаксисті оқытудағы тиімділігі сараланды. Әдіскер ғалымдардың пікірлеріне сүйене келе, жаңашыл оқыту әдістерінің синтаксистік білімді меңгертудегі дидактикалық амалдары талқыланды. Тіл білімінің синтаксис бөлімін білім алушылардың еркін меңгеріп, алған теориялық білімін практикамен ұштастыру дағдыларын ұтымды беру әдістемесі жүйеленді.

Түйін сөздер: интербелсенді әдіс, дидактика, синтаксис, дағды, дамыту.

Оқыту әдісі - дидактиканың ең басты құрамды бөлігінің бірі. Оқыту әдістері білім берудің мазмұны сияқты, оқытудың жалпы мақсаттары және міндеттерімен анықталады. Оқыту процесінің нәтижелі және сапалы болуы оқыту әдістемесінің тиімді шығармашылықпен жүзеге асырылуына байланысты. Ол – мұғалім мен оқушының бірігіп жұмыс атқаруы. Соның арқасында білім, іскерлік, дағды қалыптасып, оқушының дүниетанымы мен қабілеті артады. Жалпы педагогиканың әдістемелерінен әр пәннің өзіне ғана тән әдістері шығады. Сыныпта үйретілетін сөздер белгілі бір тақырыптарға негізделіп, синтаксис сабағында әрі тілдік, әрі әдебиеттік оқу материалдарын қамтиды. Қазақ тілі сабағындағы синтаксис бөлімінде сөздік қорды дамыту, көркем сөйлеу жұмыстары мынадай әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ол - сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, түсінігін айтқызу, көрнекілік, кітаппен жұмыс, мәтінмен жұмыс әдістері. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, бейне-жазбалар, тақырыптар бойынша электронды оқулықтар мен сабақты көркемдеп отырса, оқушылардың сөздік қоры біршама толығып, өз ойын әдеби сөйлеу дағдысына бейімдей алады деп ойлаймыз. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отыр. Әр түрлі жаңа технологияларды ұстаздар өз тәжірибесінде қолданып жүр. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын көтереді. Себебі сөздік қордың бай болуы маңызды мәселе. Синтаксис бөліміндегі ең басты міндет - оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіріп, жазбаша да өз ойын жүйелі түрде бере алу.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш- қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген. Қазіргі білім беру мазмұнының негізгі өзекті мәселелердің бірі - шынайы өмірге белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты жеке тұлғаға қойылатын мынадай талаптар алдыңғы орынға шығады:

- креативтілік;
- белсенділік;
- әлеуметтік жауапкершілік;
- ой- өрісінің кеңдігі;
- танымдық әрекетке қызығушылығының басымдығы.

Тұлғаның өсуі мен қалыптасуы өмір сүру ортасы мен қоғамдық өмірге тәуелді. Қай кезде болмасын ұрпақ тәрбиесін қазақ халқы өзекті мәселе ретінде қарастырып бағалаған. Осы орайда А.Құнанбайұлы «Он тоғызыншы» қара сөзінде: «Бала ата-анадан туғанда есті болмайды: ол естіп, көріп, ұстап, татып, ескерсе дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады», -деп баланың әлеуметте жинаған тәжірибесі арқылы білімді болатындығы туралы ой түйіндейді.

Қазіргі кезеңдегі мұғалімнің міндеті – жас буынды жан-жақты дамыту, қиялы жүйрік тұлға ретінде баули отыра оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, сөйтіп баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашатын шығармашыл тұлға қалыптастыру. Қазақ тілі пәнін оқытуда нәтижеге бағытталған іс-әрекетті құзыреттілік тұрғыдан жүзеге асыру – негізгі міндет. Еліміздің болашақта көркейіп, бәсекеге қабілетті 30 мемлекеттің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақтың қандай білім мен тәрбие алатынына тікелей байланысты. Ел президенті Н.Ә. Назарбаев «соңғы 10-15 жыл бойында бәсекеге қабілеттіліктің жаңа өлшемі пайда болды: салмақ жаһандық экономикалық жаңа сапаға – «білім экономикасына» өтуіне түсіріледі», -деген болатын. Олай болса, әр күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында. Мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде. Оқушы шығармашылығын дамыту ісі үздіксіз жүргізіле бермек. Бұл қоғам талабына сай туындайтын қажеттілік.

Қазақ тілін оқытуға бағытталған әдістердің жалпы міндеті – қазақ тілінен берілетін теориялық білімді игерумен қатар, сөздік қорды байыту, оқу-танымдық қабілетін арттыру, дүниетанымын байыту, алған білімін өмір қажеттілігіне дұрыс қолдануға үйрету. Осындай білім, дағдыларды қалыптастыруда интербелсенді әдістердің берер нәтижесі мол.

Интерактивтік деген сөз энциклопедияда көрсетілгендей, интеракция ұғымынан келіп шығады. Ал интеракция жеке индивидтердің, топтың, жұптың, өзара бірлескен әрекетке, бір-біріне алма-кезек әсер етуі. Бұл әдіс әсіресе, сұхбат құруда оқушылардың белсенділігін арттырады. Бірігіп жұмыс істеуге үйретеді. Олардың ізденуіне, шығармашылықпен әрекет жасауын қамтамасыз етеді. Интеракция кезінде оқушылардың істі ұйымдастыра білу қабылеттері де көрінеді. Интерактивті әдіспен сабақты өткізу кезінде оқытушы кеңесші, серіктес рөлін атқарады. Ал осы топ белсенді түрде әрекет ете отырып, бірін-бірі қолдау, толықтыру арқылы сұхбат құруға үйренеді. Екі оқушының сұхбатына үшіншісі де

араласуына болады. Ол қарсы топтың оқушысы болуы да мүмкін. Синтаксисті менгертуде түсіндіру әдісін пайдаланудың мәні зор. Түсіндіру әдісі аты айтып тұрғандай, мәліметтерді ғылыми тұрғыда бір жүйемен, логикалық тұрғыдан оқушының миына қонымды түрде жеткізе білу. Бұл әдісті мұғалімнің жетекшілігімен оқушы арқылы пайдалануға болады. Мәселен, толымды және толымсыз сөйлемдерді өткенде мұғалім тақырыпқа байланысты мысалдарды екі бағанаға жазып қояды. (Төмендегі 1-кестеде көрсетілгендей.)

Оқушылар екі кестені байқап, өздерінше пайымдап, жай сөйлемнің ішіндегі қай түрі екенін табуға, жаңа материалды түсіндіруге, тақырыпты ашуға тырысады. Мұғалім де оқушылардың танымын кеңейту мақсатында қазақ тіліндегі ережелердің атауының өзі қызметін ашып тұратындығы туралы айтып кетеді. Түсіндіру әдісін қолдану білім алушылардың сабаққа деген ықыласын, белсенділігін арттырып қана қоймай, сөз байлығын, ойлау қабілетін дамытуға сеп болары сөзсіз.

Қазіргі таңда синтаксисті оқытуда қолданылатын, оқушының оқу белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін, оқытудың интерактив әдістері туралы қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқытумен айналысқан ғалымдардың бірі Қ.Қадашева өз еңбегінде интерактивті әдістерді «жоғары белсенділікті дамыту» дей келе, оның негізгі ұстанымдарын төмендегіше белгілейді: өзінен-өзі пайда болатын ұстаным; ішкі сезім уәждemesі (ішкі мотив); стратегиялық қуаттылық; тәуекелге бару; тіл мен мәдениет арасындағы байланыс; аралық тіл; коммуникативтік құзырет. Оқыту үрдісінде интерактив әдістерді қолданудың негізгі көздейтін мақсаты – оқытудың жүйелі түрде сұхбатқа, (диалогке) әңгімелесуге құрылуы, оқушының білімді менгеруде белсенді түрде жұмыс жасауы, басқалармен пікірталасы, қарым-қатынаста болуы, алға қойған мақсатты жеке оқушы емес, ұжым болып шешуі. Мұндай сабақты ұйымдастыру мұғалім мен оқушыдан үлкен белсенділік пен шығармашылықты, жауапкершілікті қажет етеді.

Қазіргі таңда дидактика ілімінде оқытудың интерактив әдістеріне мыналарды жатқызып жүр: пікірсайыс (дискуссия, дебат) әдісі; ми шабуылы («мозговой штурм»); эвристикалық немесе «Сократ» әдісі; «деңгелек үстел» әдісі; іскерлік, рөлдік ойындар және т.б. Бұл әдістің негізгі мақсаты - оқу процесінің барлық сатысында бірлескен әрекетке жағдай жасау. Әр оқушы жеке тапсырмамен жұмыс істей отырып, топ мүддесін ойлауға үйренеді. Әрқайсысы өз міндетіне жауапкершілікпен қарай отырып, ортақ нәтижеге қол жеткізуге ұмтылады. Синтаксисті оқытуда пікірсайыстардың, логикалық жаттығулардың орны ерекше. Синтаксисті менгертуде балаларға қазақтың ақын-жазушыларының

шығармалары, қанатты сөздері не мақал-мәтелдерден беріліп, кей сөз тіркестері алынып тасталады (сөз тіркестері төменде жазылады). Оқушылар топқа бөлініп, мағынасына қарай қандай сөз болуы мүмкін екенін болжап, екі не үш топ өз ойларын ортаға салады. Неге ол сөз тіркестерін қолданғанын дәлелдеп, пайымдайды. Бұндай тапсырма оқушылар арасындағы пікір алмасуға, сөз тіркестерінің есте сақталуына, сөйлем құрай алуына дағдыландырады. Қанатты сөздердің де мағынасын ашып, танымын кеңейтуге себеп болады.

Халқымыздың қасиетті қазақ тілі - өзінің мемлекеттік мәртебесін абыроймен атқаратын, өскелең ұрпақты ұлтымыздың рухани мәдениеті әлемімен тәрбиелейтін көркем сөзге бай, оралымды да ғажайып тіл. Қазіргі жаһандану кезеңінде қазақ елін мекендейтін этностар мен этникалық топтардың мемлекеттік тілді меңгеруге деген сұранысы өсіп отырғандығы аңғарылады. Жалпы білім беретін мектептегі білім мазмұны тұжырымдамасында оқу әрекетін қалыптастыру негізінде жеке бас тұлғасын тәрбиелеу мақсаты қойылып отыр. Оқу әрекеті - адамзат баласы жинақтаған тәжірибені меңгеруі болып табылады. Қазір білім беру мақсаты мен міндеттерінің дәстүрлі оқытудан түбегейлі өзгешеліктері бар. Ол білім, іскерлік, дағдыларды меңгертудің негізі ретінде оқушы дамуы мен тәрбиесін қамтамасыз ету міндеттерін шешуді көздейді. Мектептің төменгі сыныптарында оқушыда оның интеллектісі дамуының іргетасы ретінде оқу әрекеті қалыптасуының қарқынды жүретін кезеңі. Оқу әрекетінің қалыптасуы білім мазмұнының теориялық деңгейін көтеру ұстанымымен тығыз байланысты. Ал бұл болса, өз кезегінде білім мазмұнындағы ғылыми ұғымдардың үлесін арттыруды қажет етеді.

«Интербелсенді әдістің ерекшеліктері – тапсырмаларды орындауда оқушыларға оқытылып отырған білімді практикалық тұрғыдан қолдану нәтижесін, жемісін көруге мүмкіндік береді және пәнді оқып үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Қазіргі таңда бұл интербелсенді әдісті өздерінің педагогикалық жұмысында барлық оқытушылар қолданып жүр. Сонымен, интербелсенді әдістерді синтаксисті оқытуда да тиімді қолдана білсек, қазіргі қоғамға үлесін тигізетін және әлемдік бәсекеге қабілетті, жаңа ғасырдың білікті, білімді, ақыл-ойы дамыған азаматын қалыптастыра аламыз. Себебі, интербелсенді әдістер оқушының ой жалғастыру, сөйлемді дұрыс құрау дағдысын жетілдіріп, ойын дамытады, шешім, тұжырым шығара білуге үйретеді.

1-кесте

1	2
Менің оны көргім келеді.	Оны көргім келеді.
Ағаштар біркелкі жақсы өсіпті.	Біркелкі жақсы өсіпті.
Үйлер жаңа үлгі жобасымен салынған.	Жаңа үлгі жобасымен салынған.
Оның досының есімі-Әсет.	Есімі- Әсет

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әміров А.Интербелсенді әдістер арқылы оқу мен оқыту. Алматы, 2009.
2. Назарбаев Н.Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!/Қазақстан халқына Жолдау. – Егемен Қазақстан, 29 қаңтар, 2011 жыл.
3. Наркұлова Б. Қазақ тілін дидактикалық ойындар арқылы оқыту. Алматы. 2007.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012
5. Арғынов Х. Қазақ тілі синтаксисі методикасының негіздері. -Алматы: 1969.